

Рухани жаңғыру - туған жер тұтастығы мен ел болашағының негізі



Бір әңгіме қозғашы ауыл
жайлы,
Бұдан артық рахат
табылмайды.
Бұлдырасын сағымдай өткен
бір күн,
Бір әңгіме қозғашы ауыл
жайлы.
М.Мақатаев

**Ауыл адамзаттың кең
дүниенің есігін ашқан,
өмірге келген жері. Туған
жер - адам өмірінде киелі
орын алады. Нақты осы
жер оны елімен және
болашақпен байланысты-
рады. Міне, сондықтан
да, тіпті балалық шақтан
бастап-ақ адамда отанға
деген махаббат сезімі
оянады. Әрбіріміз үшін
Отан ошақ басынан баста-
лады: Менің туып өскен
жерім Қостанай облысы,
Жангелді ауданындағы
Ақшығанақ ауылдық
округі.**

Ақшығанақ ауылдық округі - Қостанай облысы, Жангелді ауданындағы ауыл. Құрамына Ақшығанақ, Ақмедия, Қазасалған, Түйемойнақ ауылдары кіреді. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты уайымсыз балалық шағым өтті. Ауылда тұратын халықтың жомарттығынан, барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын тарихы мен салт дәстүрін берік ұстанған отбасында дүниеге келгенімді мақтан етемін. Ана тілі - адамның құмыр бойғы серігі, рухани қуаты, күрестегі құралы. Ал туған жер - біз өскен жер, біздің мәдениетіміз бен салт-дәстүріміз сақталған жер. «Қарты бардың - қазынасы бар» демекші, үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - ата-бабадан

келе жатқан салтымыз. Ерте жастан бастап, әкем Нұрмұханбетұлы Жаңбыршы мен әжем Нұранқызы Зияданың бізге берген тәлім-тәрбиесі мен өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестерінің біз үшін орны бөлек. Ұрпағына игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емес. Себебі, олардың біздің айбынды елдің адамгершілікті ұрпағы болып өмір кешуімізге, ата мекеніміздің рухани бекем, рухы асқақ елге айналуына қосқан үлестері мен еңбектері ерен.

Қашанда халқымыз үшін ауыл - руханиятымыздың темір қазығы, ұлттық құндылықтарымыздың алтын бесігі, береке мен байлығымыздың бастауы екені даусыз. Ауылдың таза ауасын жұтып, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан қуат алып өскен әрбір азамат өзі туған топырағын барынша қадірлеп, қастерлеуге тиіс.

Төрт түлігін түлетіп, шаруасын өрге сүйреп отырған ауыл - бүтін бір елдің асыраушысы, қайнаған еңбектің және ұлттық руханияттың қайнар көзі. Ауылымды сағынғанда, Кеңшілік Мырзабеков ағамыздың өлеңі еске түседі:

Шығанақ десе шығанақ,
Құп-құйттай мүйіс шым
қайрақ,
Күн нұрымен бірге ойнап
Жататын еді-ау жарықтық
Бір жағын Тосын күм
жайлап,
Бір жағын жазық қыр
жайлап,

Анау бір ылди, анау сай,
Бөлек пе құрғыр ауасы-ай?
Балалық дәурен балауса ай,
Бір ғана сәтке оралшы-ай!
Ауыл - қазақтың күре тамыры. Ұлт руханияты да ауылдан бастау алады. Салт-дәстүр, мәдениеттің сарқылмас мол қоры ауылда сақталған.

**Құралай КОЗЫКИНА,
Арқалық педагогикалық
институтының аға
оқытушысы.**